



6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Мусинова Гульмира Султангазыевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» тақырыбындағы диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Диссертациялық жұмыста талай адамның тағдыры мен шұрайлы, қасиетті табиғаттың тынысын тарылтқан полигон кесапатының көркем әдебиетте көрініс табуын зерттеп, қазақ әдебиетіндегі экология тақырыбына қатысты тарихи шындық пен көркемдік шешімін зерттеп, қарастырған.

Диссертант Г.С.Мусинова «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» тақырыбындағы диссертациясын жаңа тың деректермен сараланып, құнды ғылыми тұжырымдармен толыққан ғылыми-зерттеу еңбек деп айтуға болады.

«Семей сынақ полигоны туралы тарихи деректер және әдеби процес» атты бірінші тарауы үш бөлімнен құралған. «Семей сынақ полигоны туралы тарихи шындық пен деректер», «Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигонының көрінісі», «Әдеби процестегі экологиялық дағдарыс пен ядролық сынақ зардабы» атты бөлімдерде, мұрағат қорларындағы тың деректерді пайдаланған. Баспаөз беттеріндегі Семей сынақ полигоны туралы жазылған мақалалар мен сұхбаттарға тоқталған. Әдеби процестегі экология тақырыбы арнайы сөз болады. Экология тақырыбының бастау алған арналары, қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрінісі мысалдармен дәлелденіп берілген.

- Екінші тарау «Семей сынақ полигоны және әдеби-жанрлық интерпретация» деп аталып, «Қазақ поэзиясындағы Семей қасіретінің бейнеленуі», «Прозадағы адам және табиғат концепциясы», «Семей қасіреті драмалық шығармалардың арқауы» деген бөлімдерді қамтиды. Жалпы екінші тарауда Семей сынақ полигоны туралы көркем шығармаларды тақырыптық-идеялық, жанрлық тұрғыда жүйелеп, ғылыми айналымға енгізген. Поэзиялық туындылардағы Семей қасіреті көрінісіне, көркемдік әдістері мен құрылымдық семиотикасына ғылыми теориялық талдау жасаған. Әдеби шығармаларға интерпретациялық талдау жасау арқылы сол кезеңнің тарихи шындығы мен көркемдік шешімін анықтаған. Ядролық сынақ зардабының адам – қоғам – табиғат концепциясы негізінде көркемдікпен бейнеленуін зерделеген.

Бұл тарауда зерттеу нысанасына алынған көркем шығармалардың әдеби-жанрлық интерпретациясы анықталғаны ғылыми-зерттеу жұмысының салмағын арттыра түскендей. Бүгінгі әдебиеттану ғылымында өзекті деген мәселеге арналып, тың зерттеулерге деген қажеттілікке байланысты жазылған Гүлмира султангазыевнаның диссертациялық жұмысы әдебиеттану ғылымында, атап айтқанда поэзия, проза, драма табиғатына деген өзіндік үлес болып қосылатын еңбек.

Зерттеу пәні ретінде Семей қасіреті туралы жазылған көркем шығармалардағы адам мен табиғат концепциясын зерделеп, анықтау, сараптау.

Зерттеу нысаны. Қазақ әдебиетінде Семей сынақ полигонын бейнелейтін Б.Тілегеновтің «Қара жел», Р.Нұрғалидың «Дегелең дерті», Р.Тоқтаровтың «Полигон», М.Ибраевтың «Жоғалған өзен», М.Сәрсекенің «Семей қасіреті», С.Досжанның «Қасірет пен тағдыр» романдары, Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», Д.Рамазанның «Соңғы дем», Б.Мұқай «Заманақыр», Н.Ораздың «Жылқының көз жасы», А.Алтайдың «Кентавр» әңгімелері, Т.Әбдікәкімовтің, Ұ.Есдәулеттің, Б.Жақыптың, А.Елгезек, М.Оспанов, А.Айтмұхамбетова т.б. ақындарымыздың өлеңдері мен поэмалары болып табылады.

Зерттеудің мақсаты. Семей ядролық сынақ полигоны тақырыбындағы көркем шығармалардағы ұлттық мүдде және адам-қоғам-табиғат ұштағандық концепциясының берілу жолдарын әдеби теориялық тұрғыдан зерттеу мақсат етіп алынған.

Қойылған мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттер орындалған:

- Семей полигоны туралы мұрағат деректерін саралау және тарихи шындықтың әдеби шығармаларда берілуін зерделеген;
- Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигоны тақырыбының көрінісіне шолу жасаған;
- Семей сынақ полигоны туралы көркем шығармаларды тақырыптық-идеялық, жанрлық тұрғыда жүйелеп, ғылыми айналымға енгізген;
- Әдеби шығармаларға интерпретациялық талдау жасау арқылы сол кезеңнің тарихи шындығы мен көркемдік шешімін анықтаған;
- Ядролық сынақ зардабының адам – қоғам – табиғат ұштағандық концепциясы негізінде көркемдікпен бейнеленуін зерделеген;
- Поэзиялық туындылардағы Семей қасіреті көрінісіне, көркемдік әдістері мен құрылымдық семиотикасына ғылыми теориялық талдау жасаған;
- Семей қасіреті тақырыбындағы прозалық, драмалық шығармалардағы ұлттық мүдде және адамзат санасындағы өзгерістерді, қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойларды жаңаша пайымдалған.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері ретінде А.Байтұрысынов, Е.Ысмайлов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Б.Майтанов сынды зерттеуші ғалымдардың теориялық тұжырымдарын, зерттеу нысанына қатысты С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Ж. Дәдебаев, А.Еспенбетов, Т.Тебегенов, С.Айтуғанова, А.Рамазанова,

Ж.Жарылғаповтардың ғылыми еңбектерін тақырыпты айқындау барысында негізге алған. Ізденушінің әрбір тұжырым, қорытындылары әдебиеттану ғылымындағы заңдылықтармен дәйектелген. Аталған жайттар диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдар мен қорытындылардың негізделуі мен шынайылық дәрежесінің жоғары екендігін көрсетеді.

Зерттеудің әдістері. Диссертант Г.С.Мусинова диссертациясын жазу барысында төмендегідей зерттеу әдістерін қолданған: - интерпретациялық әдіс, - салыстырмалы талдау, - жинақтау, - сипаттау, - интертекстуалдық, - құрылымдық, - семиотикалық, - нарративтік талдау әдістері.

Зерттеудің материалдары мен дереккөздері. Диссертант зерттеу жұмысында тақырыпқа қатысты экологиялық мәселелер бойынша іргелі зерттеулер өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастау алады. Бұл өз кезегінде түрлі экологиялық қозғалыстардың дамуына байланысты болды. Жалпы ғылымдағы экологиялық қозғалыстардың маңызы мен құндылығы Н.Смелзер, А.Турэн, Р.Парк еңбектеріне арқау болды. Сондай –ақ, Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік туы астында. Қазақстанның сыртқы саясаты туралы» еңбегінде ұлттық қауіпсіздіктің саяси мәселелерін ядролық аспектіде зерттеп, қарастырған. Бір кездері аса құпияда ұсталған Семей сынақ полигонындағы және қазақ даласындағы ядролық жарылыстар, оның елімізге, жерімізге тигізген ауыр зардаптары жайлы әр салада ғылыми зерттеулер жазылды да, жазылып та жатыр.

Ядролық сынақтың тіршілік атаулыға келтірген залалы мен зардабы туралы медицина, биология, геофизика салалары бойынша отандық және шетелдік ғалымдар Н.А.Семиошкинаның, В.М.Соломатиннің, А.В.Липихиннің, С.К.Кайрамбаевтың, А.О.Айдархановтың, Е.Т. Масалимовтың, А.В. Беляшовтың ғылыми еңбектері бар. Медицина саласында әр жылдары Б.Атчабаров, С.Б.Балмұханов, Б.И.Гусев, Л.П.Дегтярева, М.Ж.Еспенбетова, Г.З.Ысқақбаевалар тарапынан Семей полигоны сынақтары зардабын шеккен жергілікті тұрғындардың арасында қатерлі ісік ауруының қауырт өсуі, атап айтқанда, қалқанша безі қатерлі ісігінің көбеюі, зардап шеккен аймақтарда өз-өзіне қол жұмсау, ақыл-ой кемістігі және мінез-құлық аурулары жиілігінің артуы жайлы жүйелі зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Ғылыми нәтижелердің жаңашылдық дәрежесі мен жағдайы.

- Семей полигонына қатысты мұрағат деректері қарастырылып, әдеби шығармалардағы мәліметтермен салыстырылды;

- қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигоны тақырыбының көрінісі зерделенді;

- қазіргі қазақ әдебиетіндегі Семей ядролық полигоны туралы жарық көрген туындылар «Семей қасіреті» тақырыбымен топтастырылып, жанрлық тұрғыдан сараланды;

- Семей қасіреті тақырыбындағы әдеби шығармаларға интерпретациялық талдау жасалып, сол кезеңнің тарихи шындығы мен көркемдік шешімі айқындалды;



- яролық сынақ зардабының «Адам – Қоғам – Табиғат» ұштағандық концепциясы негізінде көркемдікпен бейнеленуі анықталды.

- поэзиялық туындылардағы Семей қасіреті көрінісіне, көркемдік әдістері мен құрылымдық семиотикасына кешенді ғылыми-теориялық талдау жасалды;

- Семей қасіреті тақырыбындағы прозалық шығармалардағы ұлттық мүдде және адамзат санасындағы өзгерістер, қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойлар жаңаша пайымдалды.

Зерттеу гипотезасы. Семей ядролық сынақ полигоны туралы жазылған көркем шығармалар алғаш рет жүйеленіп, ғылыми айналымға енгізілді және әдебиеттану ғылымында Семей қасіреті тақырыбы жаңаша пайымдалған. Диссертациялық жұмыста қазақ әдебиетіндегі Семей қасіреті көрінісін ғылыми-теориялық талдау жасаған.

Қорғауға енгізілген қағидалар.

- Қазақ әдебиетіндегі «Семей қасіреті» тақырыбындағы көркем шығармалар - дәуір шындығын, тұтас ұлтқа жасалған зұлымдықты көркем бейнелейтін туындылар;

- Семей сынақ полигоны туралы прозалық шығармалардың интерпретациясы сол кезең шындығын ашып көрсететін тарихи материалдар, айғақ-деректерімен, философиялық тұжырымдарымен ерекшеленеді;

- Семей қасіреті тақырыбындағы әдеби туындыларда ядролық сынақ зардабы «Адам – Қоғам – Табиғат» ұштағандық концепциясы негізінде композициялық құрылым, образ жасау тәсілі, өлең формасы тұрғысынан шеберлікпен бейнеленген;

- Семей сынақ полигоны туралы көркем шығармаларда ұлттық мүдде және адамзат санасындағы өзгерістер, қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойлар тұжырымдалған.

Алынған нәтижелердің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы есепті шешуге бағытталуы. Г.С.Мусинованың «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты диссертациялық жұмысы аясында алынған нәтижелер бүгінгі әдебиеттану ғылымында өзекті мәселелерді қарастыруда негіз болады.

Зерттеудің теориялық маңызы. Г.С.Мусинованың зерттеу жұмысының мазмұнын бағамдай келе жұмыстың теориялық және практикалық тұрғыдан маңыздылығы мен негізді тұжырымдарын айрықша атап өтуге болады. Жұмыстың теориялық тұрғыдан маңыздылығы Семей сынақ полигоны туралы жазылған көркем шығармаларға әдеби теориялық кешенді талдау жүргізуі.

Зерттеудің практикалық маңызы. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының әдебиет пәні бойынша қазіргі қазақ әдебиеті курстарында, өлең теориясы мен практикасы, қазіргі қазақ прозасы пәндері курстарында берілетін дәрістерге қолдануға болады.

Ізденушінің диссертацияда жасаған әрбір ғылыми нәтижесінің (ғылыми түйіндерінің), тұжырымдарының және қорытындысының негіздемелік және шынайылық дәрежесі.

Г.С.Мусинованың «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» тақырыбындағы диссертация жұмысында тиісті дәлелдер мен қорғауға ұсынылатын тұжырымдар берілген. Олардың негіздемелігі мен шынайылығы ізденуші қолданған ғылыми әдіс-тәсілдер кешенімен, сондай-ақ мұрағат қорынан алынған тың деректердің қолданылуымен түсіндіріледі.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы. Зерттеу барысында отандық және шетелдік әдебиеттану ғылымының әдіснамалық бағыттағы іргелі зерттеулерінің тұжырымдамаларын басшылыққа алған.

Диссертациялық жұмыстың бөлімдері өзара байланысты және бірін-бірі қайталамайды, мазмұндық бірізділік сақталған. Қол жеткізген нәтижелер мен жасалған ғылыми тұжырымдар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай келеді.

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті, толықтығына растама.

Ғылыми жұмыстың нәтижелері мен тұжырымдары комитет ұсынған ғылыми басылымдарда 3 мақала, халықаралық және республикалық деңгейдегі басылымдарда 2 мақала жарыққа шыққан. Диссертацияның негізгі ережелері Scopus базасына кіретін ғылыми басылымда да жарияланған.


Аталған еңбектердің бәрінде де осы диссертациялық жұмыста көтерілген мәселелер туралы сөз болады.

Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Г.С.Мусинованың диссертациясында орфографиялық және пунктуациялық қателер орын алған. Бұл зерттеу жұмысы алдағы уақытта жүргізілуге тиісті іргелі зерттеулердің ғылыми-теориялық бастамасы болғандықтан, аталған сын-ескертпелерді ізденуші болашақта назарға алады деп сенім білдіремін. Аталған ескертпелер зерттеудің бүгінгі таңдағы теориялық және практикалық маңыздылығына нұқсан келтірмейді деп есептеймін.

Диссертация мазмұнының «Ғылыми дәрежелер беру Ережелері» талаптары аясына сәйкестілігі

Диссертация тақырыбының өзектілігін, жұмыстың ғылыми жаңалығын және теориялық, практикалық маңыздылығын ескере отырып, 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Г.С.Мусинованың «Семей сынақ полигоны:



тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» тақырыбындағы диссертация толыққанды аяқталған, ғылыми жаңалығы негізделген зерттеу жұмысы ретінде ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі, Білім беру және ғылым саласындағы Бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келеді және автор Мусинова Гульмира Султангазыевна философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір беруші:

Шетелдік ғылыми кеңесші
Түркия Республикасы
Памуккале университеті
Қазіргі түркі тілдері мен
әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі,
профессор, PhD доктор

